

«8D02205-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Молдахмет Архад Айтжанұлының - «Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірінің қалалары: Қышқала материалдары бойынша» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді	Молдахмет Архад Айтжанұлының «Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары: Қышқала материалдары бойынша» атты диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында Сырдың төменгі ағысындағы кейінгі ортағасырлардағы қалалық мәдениеттің қалыптасуы мен даму бағыттарына анықтама берілген. 3) А.А. Молдахметтің диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалаларында жүргізілген археологиялық, этнофольклорлық, антропологиялық, зооархеологиялық мәдениеттерінің геоархеологиялық және мәдени типологиялық зерттеу нәтижелерін ғылыми айналымға енгізіп отыр. Сырдың төменгі ағысындағы ортағасырлық бекністер мен қоныстардан және

			қалашықтардан кездескен археологиялық материалдарды талдай отырып, аймақта Алтын Орда дәуірінде қарапайым тұрғындардың тығыз қоныстанғандығын анықтаған. Соның ішінде Сырдария өзені төменгі ағысындағы ортағасырлық Қышқалаға геоархеологиялық сараптамалар жүргізіп, ескерткіштің нақты жасын анықтаған. Отандық және шетелдік ғылыми ұйымдардың архив мұрағаттары зерттеліп пайдаланылған. Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған. 2.1 Қосады, ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Молдахмет Архад Айтжанұлының диссертациялық жұмысты өзі орындаған, жазу деңгейі жоғары. Диссертант өзі жариялаған еңбектері мен этнофольклорлық, антропологиялық, зооархеологиялық, нумизматикалық, геоархеология және археологиядағы жаратылыстану бағытындағы ғылыми әдістер туралы отандық, кеңестік және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді талдау жасай отырып жазылған. Мұнда тақырыпқа сай іске асырылған сараптама және талдау жұмыстары барысында автордың өзіндік жазу принципі сақталған. 3.1 Жазу деңгейі жоғары
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі келесі факторлармен айқындалған: Бірінші: Орта Азия және Қазақстан тарихы, Қазақстан археологиясы ғылымында жаңадан қалыптасып келе жатқан кешенді ғылыми зерттеу жұмыстарын ұтымды пайдаланған. Осы тұрғыдан диссертация жұмыстың көрсеткіші өзекті болып санаалады.

		Екінші: Этноархеологиялық, генетикалық, остеологиялық, нумизматикалық әдістерді сырдың төменгі ағысындағы кейінгі ортағасырлық ескерткіштерді зерттеуде қолайлы түрде пайдаланған. А.А. Молдахмет диссертациялық жұмысында Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі ескерткіштерін зерттеу барысында ой-тұжырымдар келтіріліп, зерттеу нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған. 4.1.1 Жұмыстың өзектілігі негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және алты қосымшадан тұрады. Барлық бөлімдер логикалық тұрғыдан байланысады және алдына қойған мақсаты мен міндетіне толығымен жетіп отыр. Әр тарау негізгі ішкі құрылымы бір бірімен сабақтасады және толық қорытындыда сәйкестілік бар. Сонымен қатар ғылыми жаңалығы мен жасалынған тұжырымдар жұмыста көрініс тапқан. 4.2.1 Айқындайды
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант Сырдың төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген тұрғындардың табиғи ортасына, климатына жеке дара тоқталып өткен. Сонымен қатар зерттеліп отырған аймақтың кейінгі ортағасырлардағы тұтынған негізгі заттарының таралуы мен шығуын көрсете алған. Алғашқылардың бірі болып Сырдария өзені төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуіріндегі ескерткіштеріне деректанулық талдау жүргізіп және олардың мәдени-

		типологиялық сипаттамасын таразылаған. Ескерткіштерді кезеңдестіру, мерзімдеу, палеогеографиясына қарай аудандастырған. Диссертациямен танысу барысында әр тарауда аталған мақсат бойынша жұмыс жүргізіліп, міндеттері іске асқаны байқалады. Зерттеу нысанын бір жүйеде игере алған. 4.3.1 Сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Ұсынылып отырған жұмыс тараулары мен бөлімдері құрылымдық жағынан бір-бірімен қабыса байланысқан. Диссертант жұмысты жазу барысында, дара тараулар жасай отырып оның соңындағы бөлімдерде қорытынды ұйғарымдар шығарған. Ескерткіштерден табылған қыш-кірпіштер мен ыдыс сынықтарына кешенді талдау жұмыстары жүргізіліп, сырдың төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі ескерткіштерінің ГАЖ бағдарламасында бірнеше карталармен сызылған. Кешенді зерттеу барысында аймақта зерттеу жұмыстарын жүргізген халықаралық археологиялық экспедициялардың материалдарын және мұрағат құжаттарын тиімді пайдаланған. Зерттеу жұмысын орындау барысында қол жеткізген нәтижелер бір-бірімен толық байланысқан және диссертант тақырыптан ауытқымай жұмысты жүйелі түрде дамытып диссертацияның сапасын көтеріп отыр. 4.4 толық байланысқан.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара	Диссертант ұсынған жаңа әдістер дәлелді, негізделген ой-тұжырымдарды мазмұндық тұрғыдан алаң пайдаланған. Методологиялық әдіс тәсілдер қолданылған. Сырдың төменгі ағысындағы ортағасырлық Қышқаладан кездескен қыш-кірпіштерге ренгентті, ыдыс

		жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	бұйымдарына морфологиялық, адам сүйектеріне генетикалық, остелогиялық материалдарға зооархеологиялық талдау жүргізіп, жергілікті және сырттан келген шикізат өнімдеріне қатысты бірнеше тұжырымдар ұсынған. Ескерткіштердің ерекшеліктеріне назар аударған. 4.5 Сыни талдау жүргізген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен пікірлер толығымен жаңа деп қарастыруға болады. Солардың ішінде: -Сырдария өзені төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары ғылыми тұрғыда жан- жақты әрі толыққанды сараптамадан өткізіліп қарастырған. Бұл толығымен жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. -Отандық тарих ғылымында сырдың төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары туралы қажетті еңбектер сараланып, Іңкәрдария, Жаңадария, Тастөбе, Тазтөбе, Құлболды, Қорғаншы, Мадиярқала, Жайны, Жайны бекінісі, Сайқұдық I, Айдарлы, Мыңшоқы, Мыңшоқы II, Жаңабай, Үштөбе, Биікқұм, Үш асар 1, Үш асар 2, Үш асар 3, Таға асар ескерткіштері барлау жұмыстарының нәтижесінде анықталып, диссертациялық жұмыстың негізгі бөлімін толықтырушы деректер болып отыр. Ескерткіштердің атауы бұрын ғылымға белгісіз болып келген жаңа деректер мен мұрағат материалдары, нақты ескерткіштердің суреттері толық көлемде жүйеленген. Бұл толық жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. -Сырдария өзені төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары мен бекіністері орналасу жағынан бірнеше топқа

			бөлініп қарастырылып, тұрмыс тіршілігі және сәулет құрылысы, шаруашлығы жағынан маңызы айқындалған. Бұл толық жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. -Зерттеліп отырған аймақтағы бірқатар кейінгі ортағасырлардағы ескерткіштерде қайта зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа ескерткіштер қайта зерделеніп, картаға түсіріліп, беткі қабатынан керекті материалдар жиналып алынған. Бұл толық жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. 5.1 толық жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1)толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толық жаңа болып табылады. Себебі, Сырдария өзені төменгі ағысындағы ескерткіштер туралы мәліметтер жүйеленіп, сараланып талданып кейбір кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп жаңа ақпараттар қосылып отыр. 5.1 толығымен жаңа
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыс «8D02205 - Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық технологиялық басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1)дәлелденді;	Зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми мәселені қоя білген. 1-қағидат бойынша диссертациялық жұмыста

	2)шамамен дәлелденді; 3)шамамен дәлелденбеді; 4)дәлелденбеді; 5)бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1)ия; 2)жоқ; 3)бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1)ия; 2)жоқ; 3)бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1)тар; 2)орташа; 3)кең 4)бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1)ия; 2)жоқ; 3)бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Сырдария өзені төменгі ағысынадағы Фольклорлық зерттеулер негізіндегі Қобыланды батыр жырындағы «Сырлы, Қырлы» қала орындарын қазіргі күндегі Сырлытам, Заңғарқала ескерткіштерімен теңестіріліп, Алпамыс батыр жырындағы Гүлбаршын бегімге арнап салынған қала мен тарихи деректердегі Баршынкенттің өзара ортақ байланысатын белгілері хақында бірқатар пікірлер ұсынылған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 2- қағидат бойынша саяхатшылар мен өлкетану бағытындағы зерттеушілердің еңбектері талқыланып, алғаш рет Сырдария өзені төменгі ағысындағы алтынордалық ескерткіштердің (Асанас, Қышқала, Жаңақала, Жанкенттік Мыңтөбе, Кердері, Арал-асар т.б) зерттелу тарихы жазылып, олардың Ұлық Ұлыс заманында да атқарған қызметтері (керуен сарай, бекініс, қоныс, қыстақ) анықталған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 3-қағидат бойынша алғаш рет Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы алтынордалық ескерткіштер тарихи деректерде кездесетін Эшнас – Асанас, Барчинкент – Қышқала (Қыштөбе), Жент – Жаңқала, Хувара – Күйік қала, Хайрабат – Кескен-күйік қалаларымен ғылыми тұрғыда теңестірілген. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең
--	---	---

			7.5.Иә 4- қағидат бойынша Қышқала қаласына жақын маңда жүргізілген барлау жұмыстары барысында 20 археологиялық ескерткіш ашылып, ғылыми айналымға енгізіліп, оның ішінде төртеуі: Мыңшоқы 1,2, Жаңабай, Үштөбе ескерткіштерінен Алтын Орда дәуіріне жататын айғақты керамикалық ыдыстар кездескен. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі орташа 7.5 Иә. 5-қағидат бойынша ортағасырлық Қышқала қаласының сәулеттік-кұрылымы жіктеліп, орналасу ауданы мен онан ашылған нысандардың функционалдық атқарған қызметі айқындалған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5.Иә. 6- қағидат бойынша остеологиялық деректер тұрғысында Қышқаланың шаруашылығына қатысты тың ақпараттарға қол жеткізіліп, қала тұрғындарында балық аулау, аң аулау кәсібінің жоғары деңгейде дамығандығын көрсететін материалдар жеткілікті түрде қарастырылған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5.Иә. 7- қағидат бойынша нумизматикалық деректер базасының ауқымдылығына байланысты Қышқалада теңге соғатын сарай болу мүмкін деген болжамдар ұсынылып, табылған тиындардың 80% пайызының соғылған жері Баршын екені көрсетілді. Сондықтан
--	--	--	---

			Қышқаланың көне Баршынкент қаласы болуы ықтимал деген тұжырымдар жасалып, соғылған тиындардың бірқатарында Алтын Орда ханы Тоқтамыстың есімі ойып жазылғаны белгілі болғаны айтылған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә. 8-қағидат бойынша Қышқаладан кездескен керамикалық бұйымдар кешені көрінісіне қарай сырлы және сырсыз деп екіге жіктелді. Ыдыс сынықтарына жалпылама морфологиялық және морфиметриялық зерттеу жұмыстары жүргізілген. Тарихи-салыстырмалы талдау жұмыстары барсында Қышқаланың сырлы және сырсыз ыдыс үлгілерінің алтынордалық дәуірге жататындығы айқындалған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә. 9- қағидат бойынша зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызын ашу мақсатында алтынордалық қалалардың тарихи-топографиялық құрылымы, сәулеттік, мемориалдық ерекшеліктеріне сипаттамалар жасалған. Оның ішінде қабырғалары қыш кескетен тұрғызылған қонақ үй түріндегі сегіз бұрышты мұнаралы нысан, қоғамдық орындар, тұрғын жай, кесенелердің құрылысына қатысты салыстырмалы талдаулар мен қорытындылар ұсынылған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә. Диссертация жұмысының негізгі қорытындылары мен нәтижелері
--	--	--	--

			17 ғылыми мақала ретінде жарық көрді. оның ішінде 6 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесі тізіміндегі журналдарда жарық көрді. 1 мақала Scopus және Web of Science базасында енген журналдардың басылымдарында жарияланған.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ	Қойылған міндеттерді шешу үшін, жұмысты зерттеу барысында археологиядағы кешенді жаратылыстану әдістері қолданылған. Археологиялық нысандар мен олардан шыққан артефактілерді зерттеуде дәстүрлі тарихи-археологиялық, сипаттама жасау, салыстырмалы-тарихи талдау жүргізу, техникалық-типологиялық, ұқсастықтар мен остеологиялық әдістері қамтылған. 8.1 Иә
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмысты орындау барысында компьютерлік технологиялар оның ішінде ескерткіштердің орналасу картасын жасау геоақпараттық жүйесі кеңінен қолданылған және ескерткіштердің нақты географиялық координаттары енгізілген. Ескерткіштер және олардан табылған артефактілер мен қыш ыдыстар сынақтарын суретке түсіру үшін фотоапарат және компьютерлік гистограмма әдістері қолданылды. Тас құралдарды зертханалық талдау барысында әр түрлі бейімдегі электронды микроскоптар пайдаланылған. 8.2 Иә
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар	Зерттеулер теориялық тұжырымдар мен кешенді зерттеулермен дәлелденіп расталған. Ортағасырлық Қышқаладан кездескен қыш-

	эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	кірпіштер мен керамикалық ыдыс сынықтары Қазақстанның кейбір аймақтары және көршілес Қарақалпақстан, Өмударияның өзені аумағындағы ескерткіштермен салыстырылған және жасалу технологиясындағы ерекшеліктеріне мән берілген. 8.3 Иә
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыстың теориялық методологиялық негізі дұрыс. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын архивтік: Негізгі мұрағат материалдар Ресей Федерациясы Мәскеу қаласындағы Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология Институттың қорындағы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының материалдары; Ө.Х. Марғұлан атындағы Археология институтындағы Жанкент археологиялық-этнографиялық экспедициясының архивтік қоры; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Археология және этнография ғылыми орталығындағы тақырыпқа қатысты ғылыми есептер қаралған. Музейлік: Мәскеудегі мемлекеттік Шығыс халықтарының музейі қорларындағы Сырдария өзені төменгі ағысынан ашылған Асанас, Жент, Ұйғарак, Түгіскен ескерткіштерінен табылған керамикалық ыдыстар топтамасы (қор бөлімінде сақталған, экспозицияға қойылған, т.б.) материалдары қамтылған; Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясының әр кезеңде өткізген археологиялық топтамалары; Сырдария және

			Жалағаш аудандық өлкетану музейінің қорында сақталған, кездейсоқ табылған, жергілікті тұрғындар өткізген керамика, монета, шыны бұйымдары мен олардың сынықтары ғылыми айналымға енгізіліп қарастырған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 235 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Тақырыпқа сай мұрағат материалдары, диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік ғылыми мақалалар тізімі ұсынылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1)бар; 2) жоқ	Иә, диссертацияның теориялы қмаңыздылығы бар Сырдария өзені төменгі ағысындағы ескерткіштер жайлы кешенді талдаулар археологиялық, жаратылыстану бағытындағы зерттеу әдістермен қарастырылып, мазмұнын толық,ашқан және алдына қойылған мақсат-міндеттері орындалған. 9.1 Иә
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1)ия; 2) жоқ.	Жұмыстың нәтижелері мен материалдары болашақта Орталық Азия және Қазақстан тарихының қазіргі тұжырымдамасын жасауда және Еуразияның далалық және шөлейтті аймақтарының археологиясын жазуда пайдалануға болады. Зерттеу жұмысының нәтижелерінің ғылыми жарияланымдарын жоғары білім беру орындарының білім алушыларына дәрістік материалдар ретінде және оқу-әдістемелік құралдар да дайындауда қолдануға болады. 9.2 Иә
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1)толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірінің тас құралдары мен қыш ыдыстарын жүйелі кешенді түрде зерттеген алғашқы еңбек болып табылады. Қазақстан тарихы мен

			археологиясындағы Сырдария өзені төменгі ағысындағы ғылымға бұрыннан белгілі және белгісіз ескерткіштердің ғылыми сипаттамасы, онда тіршілік еткен тұрғындардың аймақтағы қоныстану динамикасы, шаруашылғына қатысты құнды еңбек болып табылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде академиялық стильдің талаптарына сай жазылған. Кіріспе мен қорытынды бөлім мазмұны, көлемі тұрғысынан негізді әрі дәйектілікпен жазылған. Диссертация мәтінінде орфографиялық қателіктер жоқ. Тақырып нақты материалдарға бай және толыққанды дайындалған зерттеу деуге болады.
11	Диссертацияға ескертулер		Жалпы жоғарыда айтылған сын ескертпелер диссертацияның құрылымына нұқсан келтірмейді. Жұмыс барлық талапқа сай, ретімен жазылғандықтан
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Ғылыми нәтижелерге қол жеткізуде зерттеуші бұл мәселемен докторантураға оқуға түскеннен бастап айналысқан. Соңғы үш жылда Қышқала ескерткішінде жүргізілген далалық қазба жұмыстарына өзі тікелей араласып 18 ғылыми мақалалар жариялаған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Молдахмет Архад Айтжанұлының - «Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірінің қалалары: Қышқала материалдары бойынша» тақырыбында дайындалған диссертациясы ҚР Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету

			Комитетінің талаптарына сәйкес орыдалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеті деп есептеймін. Сондықанда, «8Ю2205-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімімді ұсынамын.
--	--	--	--

Ресми рецензент:
 Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
 университетінің қауымдастырылған профессор
 Т.Г.К (PhD)



М.Д. Калменов

Подпись т.г. _____

М.Д. Калменов

Дата: «19» XI 2014 г.